



Тас түлеткен талант

Осындай атаумен ҚР суретшілер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Әбілбек Ұзақұлының кітабы жарыққа шықты.

Кітап тұсаукесері Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында отті. Хас шебердің еңбегі ұлықталағып, есімі жаңғырған шараға ол кісінің үрлақтары, мүсіншінің өзі туып – өскен Аманкелді ауданынан, қаламыздан, Нұрсұтан қаласынан замандастары, көз көрген, сыйлас, замандас азаматтар қатысты.

Әбілбек Ұзақұлының 85 жылдығы қарсанында «Тас түлеткен талант» кітабын құрастырған мұражайымыздың ғылыми қызметкері Батырлан САҒЫНТАЕВ болса, оның жарыққа шығуна шебердің Сапарбек ҰЗАҚОВ бастаған балалары демеуші бол-

ды.

Бала күнінен сурет салуга бейім болған Әбілбек Ұзақұлы бойына біткен таланттың біліммен ұштастырып, қазақтан шыққан тұңғыш мүсінші Хакімжан НАУРЫЗБАЕВТЫҢ себеп болуымен Алматыдағы Өнер училищесін мүсінші мамандығы бойынша тәмамдаған.

Әрі қарай өмірінің сонына дейін талмай еңбек етіп, халықтың көзқуанышына айналған талай мүсінді өмірге әкелді. Бүгінде қала әкімдігінің алдында тұрған Аманкелді Имановтың ескерткішінен бастап, Шакшақ Жәнібек, Жәуке, Кейкі батырлардың, Ахмет Байтұрсыновтың, Аманкелді ауданынан шыққан 15 Социалистік Еңбек Ерінің, қарымды қаламгер Ақан Нұрманов пен біртуар перзентіміз Төкен Елтебаевтың т.б. тұлғаларымыздың бейнесін тасқа қашап, қайталанбас туындыларын артына мұра етті.